БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
_______
Баймурзин С.Ш.
«12» қыркүйек 2022 ж

КЕЛІСЕМІН:
Оқу ісінің меңгерушісі:
_______
Кожахметова Т.К.
«09» қыркүйек 2022 ж

Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА
ҚАРАЛДЫ:
Хаттама №1
«09» қыркүйек 2022 ж

# Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебінің жанындағы «Арай» шағын орталығының ортаңғы топтың 2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспары мен циклограммасы

**Тәрбиеші:** Каирова Айжан Женисовна

**Облыс,аудан,ауылы:** Ақмола облысы,Зеренді ауданы,Кеңөткел ауылы

Бекітемін:
Мектеп директоры

Баймурзин С.Ш.

**2022-2023 оқу жылына арналған**

**КҮН ТӘРТІБІ**

| р/с | *Күн тәртібінің кезеңдері* | *Уақыты (сағат, минут)* |
|---|---|---|
| *1* | *Балаларды қабылдау* | *08:35-08.50* |
| *2* | *Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру* | *08:50-08.55* |
| *3* | *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)* | *09:00-09:45* |
| *4* | *Таңертеңгі жаттығу* | *09:45-09:55* |
| *5* | *Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық* | *10:00-10:05* |
| *6* | *Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет* | *10:05-10:20* |
| *7* | *Серуенге дайындық* | *10:20-10:30* |
| *8* | *Серуен* | *10.30-11:00* |
| *9* | *Серуеннен оралу, мәдени гигиеналық дағдылар* | *11:00-11:15* |
| *10* | *Балалардың дербес әрекеті (дамытушы ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер). Балалармен жеке жұмыс* | *11:15-11:50* |
| *11* | *Балалардың үйге қайтуы* | *12:00-12:30* |

Келісемін:
Зеренді ауданы «Білім бөлімі»
мемлекеттік мекеме басшысы
_______________Д.Ш.Нурова
___________ 2022 жыл

Бекітемін:
«Кеңөткел негізгі орта мектебі»КММ
директоры __________ Баймурзин С.
___________ 2022 жыл

**Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебінің жанындағы «Арай» шағын орталағаның оқу жоспары (3 жас пен 4 жас аралығы) 2022-2023 оқу жылы**

| № | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | орта жас тобы (3 жастан бастап ) |
|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет |
| | Музыка | күн сайын |

# 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы :** «Арай» шағын орталығы

**Балалардың жасы**: 3 жастан бастап

***Жоспардың құрылу кезеңі***: 01.09.2022 - 31.05.2023

**Қыркүйек айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру;<br>Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру.<br>Домалату.Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық).<br>Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету |
| Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е ) дыбыстарды анық айту.<br>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар арқылы кеңейту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыру.<br>Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастырудан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту.<br>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан түбір сөздерді ажырату.<br>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. |
| Математика негіздері | Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету.<br>Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. |

| | |
|---|---|
| | Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| Құрастыру | Құрастыру. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Сурет салу. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу. Бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. Қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу. Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Жапсыру | Жапсыру. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Музыка | <u>Музыка тыңдау</u>:Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды.<br><u>Ән айту</u>: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдылары қалыптасады.<br><u>Музыкалық ырғақты қимылдар</u>: Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игереді. |

**Қазан айы**

| Ұйымдастырыл-ған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**. Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) жүру.<br>Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру<br>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі туралы айтып түсіндіру. |
| Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (о, ұ) дыбыстарды анық айту.<br>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру.<br>Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған |

| | |
|---|---|
| | әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Дидактикалық ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту.<br>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу. Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. |
| Математика негіздері | Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп).<br>Шама. Екі затты өлшемі бойынша (биік-аласа) салыстыру. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Бала, оның отбасы, үйі. Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту, отбасына деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу.<br>Заттық әлем. Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау) |
| Құрастыру | Құрастыру. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Сурет салу. Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру.Бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу. Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Жапсыру | Жапсыру. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Музыка | Музыка тыңдау:Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады. |

| | |
|---|---|
| | Ән айту: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдылары қалыптасады.<br>Музыкалық ырғақты қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындайды. |

**Қараша айы**

| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**. Жүру. Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша» жүру. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға секіру; Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; Қимылды ойындарға баулу: қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға үйрету; Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. |
| Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Кейбір дауыссыз (п-б, к-қ,) дыбыстарды анық айту.<br>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін (ойыншықтар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>Байланыстырып сөйлеу. Шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.<br>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жіңішке түбір сөздерді ажырату.<br>Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| Математика негіздері | Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу.<br>Шама. Екі затты өлшемі бойынша (артық-кем) салыстыру. |
| Қоршаған ортамен | Бала, оның отбасы, үйі. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу. |

| | |
|---|---|
| таныстыру | Заттық әлем. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу. |
| Құрастыру | Құрастыру. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Сурет салу. Әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар) заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. Бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру |
| Жапсыру | Жапсыру. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Музыка | Музыка тыңдау:Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйренеді.<br>Ән айту:Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, бірге ән айтады. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды.<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар:Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |

**Желтоқсан айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**. Жүру. Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүру. Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, арқанның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; заттарды айналып және заттардың арасымен секіру; бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, Кеудеге арналған жаттығулар: солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта) Қимылды ойындарға баулу: «жүгір» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту, ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: күнді пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. |
| Сөйлеуді | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Кейбір дауыссыз ( т-д, с-з) дыбыстарды анық айту. |

| | |
|---|---|
| дамыту | Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын заттардың жалпы (киім, аяқ киім) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Мультфильмдер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа әңгімелерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Шешендікке баулу. Балалар театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекіліктпен өзіне айтылған сөзді тыңдауды дамыту.<br>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, баулу. |
| Математика негіздері | Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу.<br>Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру.<br>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Бала, оның отбасы, үйі. Отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>Заттық әлем. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. |
| Құрастыру | Құрастыру.Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Сурет салу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| Жапсыру | Жапсыру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру. |
| Музыка | Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуге үйренеді, атайды<br>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, бірге ән айтады. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды.<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындайды. Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүруге және шашырап жүруге үйренеді. |

**Қаңтар айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**. Жүру. Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру, Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>Кеудеге арналған жаттығулар: аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу. Қимылды ойындарға баулу: «ұста» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге баулу.«Салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. |
| Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Кейбір дауыссыз (ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту.<br>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын заттардың жалпы (ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше түрде қолдану.<br>Байланыстырып сөйлеу. Ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Әдеби тілде сөйлеуге баулу. Балалар әдебиетіне қызығушылықты қалыптастыру. |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>Байланыстырып сөйлеу. Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу. |
| Математика негіздері | Сан. Заттардың санын ажыратуға үйрету: «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>Шама. Екі затты салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.<br>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура: үшбұрышты ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Заттық әлем. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру, командада жұмыс істей білуге |

| | |
|---|---|
| | дағдыландыру.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), ойын алаңында қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау) |
| Құрастыру | Құрастыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Сурет салу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| Жапсыру | Жапсыру. Қазақ халқының ұлттық тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Музыка | Музыка тыңдау:Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуге үйренеді, атайды<br>Ән айту: ре (ми) — ля (си) диапазонындабарлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, сөздерді анық айтуға, әннің сипатын жеткізуге (көңілді, созып, ойнақы айту) қалыптасады.<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |

**Ақпан айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**. Жүру. Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, тоқтап жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен, тура жолмен жүру. Жүгіру. белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру; (1-1,5 метр қашықтық). Көлбеу модуль бойымен еңбектеу; ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; аяқты бүгу және |

| | |
|---|---|
| | созу (бірге және кезекпен), Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, Қимылды ойындарға баулу, «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Шанамен сырғанау. Шанамен биік емес төбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа баулу. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. |
| Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>Сөздік қор. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді көпше түрде қолдану.<br>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну және толық жауап беру. |
| Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балалармен оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Балалар театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып айтуға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| Математика негіздері | Сан. Заттарды салыстыру: заттарға қосу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>Шама. Екі затты салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең сөздерімен белгілеу.<br>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура: шаршымен таныстыру.<br>Бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Командада жұмыс істей білуге дағдыландыру, тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту. |
| Құрастыру | Құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, үлгі бойынша құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Сурет салу. Бір заттың суретін салуды қайталай отырып, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Жапсыру | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру . Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін |

| | |
|---|---|
| | сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Музыка | Музыка тыңдау:Музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйренеді.<br>Ән айту: Ән қарқынын түсіне, топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсартуға жұмыс жасайды: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіреді. |

**Наурыз айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**. Жүру. Тапсырмаларды орындай отырып жүру: арқаннан ұстап, тоқтап, заттарды айналып жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру. Жүгіру. белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп жүгіру; аяқтарын алшақ қойып, отырып қақпаға домалату. Туннель арқылы еңбектеу. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып бастапқы қалыпқа келу. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойындарға баулу, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер өз бетінше ойнауға ынталандыру. Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура тебу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. |
| Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстардың, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктерді келер шақта қолдану.<br>Байланыстырып сөйлеу. сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. |
| Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Оқылған шығармадан балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. Балалар әдебиетіне қызығушылықты қалыптастыру. |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар жаттауға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілердің мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге баулу. |
| Математика негіздері | Сан. Заттарды салыстыру: заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>Шама. Екі затты ені бойынша кең-тар, бірдей, тең сөздерімен белгілеу. |

| | |
|---|---|
| | Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура шаршыны ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау,еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң  ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. |
| Құрастыру | Құрастыру. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Сурет салу. Түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату. |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. |
| Жапсыру | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Балаларды ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Музыка | <u>Музыка тыңдау:</u>Ересектердің орындауында және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдап, музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйренеді.<br><u>Ән айту</u>: Ән қарқынын түсіне, топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.<br><u>Музыкалық-ырғақты қимылдар</u>: Қазақ халқының би өнерімен танысады. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындайды, ойындарда таныс би қимылдарын қайталайды. |

**Сәуір айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің  міндеттері** |
|---|---|
| Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**. Жүру. Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Жүгіру. жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Саты бойымен өрмелеу. Тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қолды алға, алақандарын жоғары қарату, қол саусақтарын жұму және ашу; етпетінен жату және керісінше. Аяққа арналған жаттығулар: қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені |

| | |
|---|---|
| | бүгіп, аяқты көтеру. Қимылды ойындарды ойнату. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын мәнерлі орындауға баулу. Доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті шеңбер бойымен тебу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. |
| Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу.<br>Сөздік қор. Балаларға дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктерді өткен шақта қолдану.<br>Байланыстырып сөйлеу. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру. Театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.<br>Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілердің мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| Математика негіздері | Шама. Екі затты биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигурамен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау) |
| Құрастыру | Құрастыру. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Сурет салу. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Бейнелеу әрекетін балалардың |

| | |
|---|---|
| | қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. |
| Жапсыру | Жапсыру. Геометриялық фигуралардың (шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, алаша орамал жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Музыка | Музыка тыңдау:Ересектердің орындауында және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдап, музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйренеді.<br>Ән айту: Ән сөздерін дұрыс және анық айтуға, әннің сипатын бере білуге (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді) қалыптасады.<br>Аспапта ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге талпынады. |

**Мамыр айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**. Жүру. Тапсырмаларды орындай отырып жүру: еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. Жүгіру. Тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу 31 және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан- жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Аяққа арналған жаттығулар: отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Қимылды ойындарды ойнату. Ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті оңға және солға бұрылып тебу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты; нанды үгітпеу, тамақты шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: жаңылтпаштар айту.<br>Сөздік қор. Балаларға дәстүрге байланысты балалармен жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Қазақ халқының мәдениетімен таныстыру. Қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен |

| | |
|---|---|
| | эстетикалық талғамға тәрбиелеу. |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу. Шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| Математика негіздері | Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралар: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекті ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>Командада жұмыс істей білуге дағдыландыру. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың жазғы мезгілдегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау) |
| Құрастыру | Құрастыру. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, үлгі бойынша құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Сурет салу | Сурет салу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу. Еркін тақырыпта сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Жапсыру | Жапсыру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы кілем, көрпе жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Музыка | <u>Музыка тыңдау:</u>Музыкалықшығарманыиллюстрациялармensалыстырабілуге қалыптасады.<br><u>Ән айту</u>: Ән сөздерін дұрыс және анық айтуға, әннің сипатын бере білуге (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді) қалыптасады.<br><u>Музыкалық-ырғақты қимылдар</u>: Музыкаға сәйкес қимылдарды орындауға, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауға үйренеді. Билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауға, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануға талпынады. |